



ЖЕТИСТІК

ЖЫР ДОДАСЫНДА ТОП ЖАРДЫ

Ә.МАХУТОВ АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП-БӨБЕКЖАЙ КЕШЕНІНІҢ ТАЛАНТТЫ ШӘКІРТІ САҒЫНЫШ ӘБДІ ТАҒЫ БІР БИІКТЕН КӨРІНДІ. ОЛ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ 9-11-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА ӨТКЕН X РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ШЕРХАН МҰРТАЗА ОҚУЛАРЫ» ҒЫЛЫМИ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙҚАУЫНДА «ЗАУ ТҮЛҒА» БӨЛІМІ БОЙЫНША ЖҮЛДЕЛІ ІІ ОРЫНДЫ ИЕЛЕНІП, МЕКТЕП МЕРЕЙІН ҮСТЕМ ЕТТІ.

Республикалық деңгейде ұйымдастырылған бұл байқау қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, қабырғалы қаламгер Шерхан Мұртазаның шығармашылығын насихаттап, жас ұрпақтың рухани дүниесін байытуға бағытталған маңызды алаң саналады. Елдің түкпір-түкпірінен жиналған дарынды жастар арасында Сағыныш өзінің терең мазмұнды, көркем өрілген жырларымен ерекшеленіп, қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды.

Жас ақынның шығармаларында туған елге деген сүйіспеншілік, ұлттық рух, адамгершілік құндылықтар мен білімге деген құрмет әсерлі көрініс тапқан. Өлеңдерінің



тілдік шеберлігі мен мазмұн байлығы оның шығармашылық қарымын айқын танытып,

әдебиетке деген ерекше қабілетін дәлелдей түсті.

Бұл жетістіктің артында ұстаз еңбегі де зор. Сағыныштың шығармашылық қабілетін шыңдап, бағыт-бағдар берген жетекшісі Ұлжан Дүйсенбаева шәкіртінің бойындағы талантты танып, оны дамыту жолында табанды еңбек етті. Ұстаз бен шәкірттің бірлескен ізденісі мен тынымсыз еңбегінің нәтижесінде республикалық додада абырой биігінен көрінді.

– Жас ұрпақтың бойындағы шығармашылық қабілетті дамыту – ұстаз үшін үлкен жауапкершілік. Сағыныштың әдебиетке деген қызығушылығы мен ізденісі бұл жеңіске жетеледі. Оның алар асуы әлі алда деп сенемін, – дейді жетекшісі Ұлжан Дүйсенбаева.

Бұл жеңіс – бір оқушының жетістігі ғана емес, білім мен тәрбиені ұштастырған ұстаз еңбегінің, қолдау білдірген ата-ананың және шәкірт тәрбиесіне мән берген мектеп ұжымының ортақ қуанышы. Осындай жетістіктер білім ордасының мәртебесін арттырып, шығармашыл әрі талантты жастар тәрбиелеудегі жүйелі жұмыстың нәтижесін айқындай түседі.

Жанат ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ,

Ә.Махутов атындағы мектеп-бөбекжай кешенінің тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары.

БЕЙНЕУ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ САЛАСЫНДА ТАҒЫ БІР ҚУАНЫШТЫ ЖАҢАЛЫҚ. АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІНЕ ҚАРАСТЫ БОРАНҚҰЛ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІНІҢ «ЖАС ЖОЛ САҚШЫЛАРЫ» КОМАНДАСЫ ОБЛЫСТЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ӨТКЕН ДӘСТҮРЛІ «ЖАС ЖОЛ САҚШЫЛАРЫ» БАЙҚАУЫНДА ҮЗДІК НӘТИЖЕ КӨРСЕТІП, ЖҮЛДЕЛІ БІРІНШІ ОРЫНДЫ ИЕЛЕНДІ.

ЖАС ЖОЛ САҚШЫЛАР облыс жеңімпазы атанды

Бұл жетістік – мектеп ұжымы мен оқушылардың табанды еңбегі мен жүйелі дайындығының айқын көрінісі.

Жыл сайын ұйымдастырылатын аталмыш байқаудың негізгі мақсаты – жасөспірімдердің жол қозғалысы ережелерін жетік меңгеруін қамтамасыз ету, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру, қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру және қоғамдық тәртіпке деген жауапкершілігін күшейту. Сонымен қатар оқушылар арасында жол-көлік оқиғаларының алдын алу бағытындағы түсіндіру жұмыстарын жандандыру да байқаудың маңызды міндеттерінің бірі болып саналады.

Облыстың әр ауданынан келген мықты командалардың басын қосқан дода бірнеше кезең бойынша өтті.

Қатысушылар жол белгілерін тану, жол қозғалысы ережелерін білу, алғашқы медициналық көмек көрсету, саптық дайындық, үгіт-насихат жұмыстары және шығармашылық өнер көрсету бағыттарында өзара бақ сынады. Әр кезеңде оқушылардың білім деңгейі ғана емес, олардың шапшаңдығы, ұйымшылдығы, сахна мәдениеті мен жауапкершілігі де сарапқа салынды.

Боранқұл мектебінің командасы байқаудың барлық кезеңінде жоғары дайындықпен ерекшеленіп, өздерінің жан-жақты қабілеттерін көрсете білді. Әсіресе жол қауіпсіздігі тақырыбындағы үгіт-насихат жұмыстары мен саптық



дайындық кезеңінде команданың жинақылығы мен кәсіби деңгейі қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды. Сонымен қатар алғашқы медициналық көмек көрсету кезеңінде де оқушылардың нақты әрі сауатты әрекеттері олардың тәжірибелік дайындығының мықты екенін дәлелдеді.

Команданың бұл жеңісі – мектептегі тәрбие мен білім беру жұмыстарының нәтижелі жүргізіліп жатқанын аңғартады. Жас жеткіншектердің бойында қоғамдық тәртіпке бағыну, жол қауіпсіздігін сақтау және адам өміріне жауапкершілікпен қарау сияқты маңызды қасиеттерді қалыптастыруда ұстаздардың еңбегі зор. Команда жетекшілерінің кәсіби шеберлігі мен оқушылардың табандылығы жеңісті күнге жеткізді.

Боранқұл мектебінің оқушылары тек өз білімдерімен ғана емес, ұйымшылдығымен, тәртіптілігімен және белсенділігімен де көпшілікке үлгі бола білді. Байқау барысында олардың әр

тапсырмаға тыңғылықты дайындалғаны анық байқалды. Бұл жетістік – аудан мектептері арасында жол қауіпсіздігі мәдениетін насихаттау жұмыстарының жүйелі түрде жүргізіліп келе жатқанын көрсетеді.

Айта кету керек, облыстық байқауда топ жарған команда енді республикалық кезеңде Маңғыстау облысының намысын қорғайтын болады. Бұл – жас жол сақшылары үшін үлкен жауапкершілік әрі зор сенім. Республикалық додада да оқушылардың жоғары деңгейде өнер көрсетіп, өңір мерейін үстем етеді деген сенім мол.

Боранқұл мектебі ұжымының бұл жетістігі – білім ордасының ғана емес, бүкіл Бейнеу ауданының мақтанышы. Осындай тәрбиелік мәні зор байқаулар арқылы жас ұрпақтың құқықтық сауаты артып, қауіпсіз қоғам қалыптастыруға деген жауапкершілігі нығая түсетіні сөзсіз.

У.АСҚАРҚЫЗЫ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«NOBILIS CORP» ЖШС жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды: 2026-2028 жылдарға арналған «Нормативті рұқсат етілген шығарындылар» «НРШ» түзету жобасы; 2026-2028 жылдарға арналған «Нормативті рұқсат етілген төгінділер» «НРТ» жобасы; 2026-2028 жылдарға арналған «Қалдықтарды басқару бағдарламасының түзету» жобасы, 2026-2028 жылдарға арналған «Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының түзету» жобасы, «Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары».

Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары:

N 46°06' 10" E 54°12' 50"

Тыңдаулар 2026 жыл 9 шілде сағат 15:00-де өтеді.

Өткізу орны: Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Боранқұла.о., Боранқұл а., Мәдениет үйі.

Платформа ZOOM: <https://us05web.zoom.us/j/82558134315?pwd=upnk15rOEQltGFPTle44L06Tww8SRsy.1>

Конференция идентификаторы: 825 5813 4315

Кіру коды: Qx7YnF

Тұтынушы: «Nobilis Corp» ЖШС ҚР, Ақтау қаласы, 17-шағын аудан, 39-үй. БСН: 220540006616

Жобаны әзірлеуші: «Рекорд Консалт» ЖШС, Ақтөбе қ. Марсеева, 38. 7-бөлме, тел. 87014848005. БСН 100740003476

Құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> порталында және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/> интернет-ресурста

Материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекенжайы және телефон нөмірі: eco-rk@mail.ru, 87014848005

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz>, және электр. ЖАО мекенжайы s.bazarbay@mangystau.gov.kz сайтында қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «NOBILIS CORP» сообщает о проведении общественных слушаний по проектам: Корректировка проекта нормативов эмиссий допустимых выбросов (ндв) загрязняющих веществ в окружающую среду для ТОО «Nobilis corp» месторождения боранколь на 2026-2028 гг. Корректировка программы управления отходами для ТОО «Nobilis corp» месторождения боранколь на 2026-2028 гг. Корректировка программы производственного экологического контроля для ТОО «Nobilis corp» на месторождении боранколь на 2026-2028 гг. Проект нормативов допустимых сбросов загрязняющих веществ (ндс) на месторождении боранколь ТОО «Nobilis corp» на 2026-2028гг. ППМ.

Географические координаты участка и географические координаты территории воздействия: N 46°06' 10" E 54°12' 50"

Слушания состоятся: 9 июля 2026 года в 15:00 часов

Место проведения: Мангистауская обл., Бейнеуский р., Боранкулский с.о., с.Боранкул, дом культуры

Платформа ZOOM: <https://us05web.zoom.us/j/82558134315?pwd=upnk15rOEQltGFPTle44L06Tww8SRsy.1>

Идентификатор конференции: 825 5813 4315

Код доступа: Qx7YnF

Заказчик: ТОО «Nobilis Corp» Город Ақтау, микрорайон 17, дом 39. БИН: 220540006616

Разработчик: ТОО «Рекорд Консалт», Ақтөбе қ. Марсеева, 38, бөл.7, тел: 87014848005. БИН 100740003476

Документация размещена на портале <https://ndbecology.gov.kz>, и интернет-ресурсе <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/>

Адрес электронной почты по которой можно запросить материалы: eco-rk@mail.ru, 87014848005.

Замечания и предложения принимаются на <https://ndbecology.gov.kz>, и электр. адрес МИО s.bazarbay@mangystau.gov.kz

ХАБАРЛАНДЫРУ

«VARRO OPERATING GROUP» ЖШС жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды: 2026-2028 жылдарға арналған «Нормативті рұқсат етілген шығарындылар» «НРШ» түзету жобасы; 2026-2028 жылдарға арналған «Нормативті рұқсат етілген төгінділер» «НРТ» жобасы; 2026-2028 жылдарға арналған «Қалдықтарды басқару бағдарламасының түзету» жобасы, 2026-2028 жылдарға арналған «Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының түзету» жобасы, «Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары».

Қоғамдық тыңдау 2026 жылы 9 шілде сағат 16:00-де өтеді. Өткізу орны: Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Боранқұл ауылдық округі, Боранқұл ауылы, Мәдениет үйінің ғимараты. Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 45°45'26" ш, 53°54'1.2664" вд

Онлайн қосылымға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/81438494429?pwd=Hhcyjb4LnX0JxYGoX6USt8HoMkXwEf.1>

Конференция идентификаторы: 814 3849 4429, Кіру коды: m7Wg9v

Тапсырыс беруші: «VARRO OPERATING GROUP» ЖШС, Маңғыстау обл., Ақтау қ., 17-ша, 39-ғимарат

Жобаны әзірлеуші: «Рекорд Консалт» ЖШС, Ақтау қ., 17-ша, 20-үй, eco-rk@mail.ru. Жергілікті атқарушы орган: «Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, жауапты тұлға Сабина Базарбай, эл. пошта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz, тел.: 8(7292) 43-10-88; Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> сайтта және s.bazarbay@mangystau.gov.kz. Қабылданады. Жоба бойынша құжаттама ақпараттық жүйе <https://ndbecology.gov.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/> сайтында орналастырылған.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «VARRO OPERATING GROUP» объявляет, что проводит общественные слушания по: Корректировка Проекта нормативов эмиссий допустимых выбросов (НДВ) загрязняющих веществ в окружающую среду месторождения Толкын на 2026-2028гг., Проект нормативов допустимых сбросов (НДС) на месторождении Толкын на 2026-2028 гг., Корректировка программы управления отходами месторождения Толкын на 2026-2028гг., Корректировка программы производственного экологического контроля месторождения Толкын на 2026-2028гг., План мероприятий по охране окружающей среды на период 2026-2028 гг.

Слушания состоятся: 9 июля 2026 года в 16:00 ч. Место проведения: Мангистауская область, Бейнеуский район Боранкулский с.о., село Боранкул, здание Дом культуры.

Географические координаты участка и географические координаты и территории воздействия: 45°45'26" ш, 53°54'1.2664" вд. на онлайн подключение: <https://us05web.zoom.us/j/81438494429?pwd=Hhcyjb4LnX0JxYGoX6USt8HoMkXwEf.1>

Идентификатор конференции: 814 3849 4429, Вход доступа: m7Wg9v

Заказчик: ТОО «VARRO OPERATING GROUP», 130000, Мангистауская область, г. Ақтау, мкр.17, здание 39

Разработчик: ТОО «Рекорд Консалт», г. Ақтау, 17 мкр., 20 дом, eco-rk@mail.ru.

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области», ответственное лицо Базарбай Сабина Саламатқызы, эл.почта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz, тел. 8 (7292) 43-10-88; Замечания и предложения принимаются на сайте <https://ndbecology.gov.kz/> и s.bazarbay@mangystau.gov.kz. Документация по проекту размещена на сайте Информационная система <https://ndbecology.gov.kz/>, и интернет-ресурсе <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/>.

Меншік иесі:



Директор

Әнуарбек БИМАҒАМБЕТ

Қабылдау бөлімі,
тел./факс: 20-48-34,
mangystau.media@mail.ru



аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 06.02.2013 жылы есепке қойылып, №13363-Г куәлігі берілген.

Редактор – Таңат АМАЛБАЕВ.
Тілшілер: – Үміт ҚАЗДАЕВА,
Гүлнара ЖАЙЫҚОВА.

Газет «Маңғыстау-Медиа» ЖШС
Ақпарат және дизайн орталығында беттелді

координатор – Гүлнара Тасболатова.

Беттеуші дизайнер – Э.Сейдахметова.

«Neon City» ЖШС

баспаханасында басылды.

Баспахана басшысы Александр Ложков.

Ақтау қаласы, 22-шағын аудан, 38/3.

Тел. +77770122238.

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.
- Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.
- Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады

Таралымы: 3311. Индекс: 65690.

Тапсырыс: 59 Газет бағасы келісімді.

АУАРАЙЫБОЛЖАМЫ

2 МАУСЫМ

түнде: +16 күндіз: +28

3 МАУСЫМ

түнде: +16 күндіз: +24

4 МАУСЫМ

түнде: +16 күндіз: +29

5 МАУСЫМ

түнде: +16 күндіз: +29

6 МАУСЫМ

түнде: +16 күндіз: +29